

*ҚР ҰБ Төрағасы Е.А. Досаевтың
Қазақстан қаржыгерлерінің
IX Конгресіне арналған баяндамасы
Алматы, 2021 жыл, 12 қараша*

**Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар,
ханымдар мен мырзалар!**

Конгрестің жұмысына қош келдіңіздер! Ұлттық Банктің атынан Сіздерді алдағы Ұлттық валюта күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Бұл Конгресті біз қазіргі Қазақстанның тарихындағы **аса маңызды кезең – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына** орай өткізіп отырмыз!

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Отанымызды дамытудың болашақтағы онжылдығына арналған **стратегиялық бағыттарын** айқындай отырып, **жаңа мемлекеттіліктің негізін** қалады.

Өткен үш онжылдықта тәуелсіз мемлекеттің **негіздері** қалыптасты, атап айтсақ, мемлекеттің **шекарасы** белгіленіп, басты құқықтық құжат – **Конституция** қабылданды. **Жаңа қаржы жүйесі** мен меншікті **ұлттық валютамыз - теңге** тәуелсіз мемлекеттіліктің негізін қалаушы элементтердің біріне айналды.

Қол жеткізген жетістіктеріміздің арқасында бүгін елдің қалай **өзгергенін**, өткен 30 жыл ішінде қазақстандықтардың **жаңа буыны** қалай қалыптасқанын көріп отырмыз.

Құрметті Конгреске қатысушылар!

Тәуелсіз Қазақстанның **негіздері** мен **құндылықтарын нығайтуды және дамытуды** жалғастыра отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы қыркүйекте еліміздің бұдан былайғы дамуының **негізгі бағыттарын** айқындап, оларды бүгін **қаржы қоғамдастығына** арналған өзінің бейнеүндеуінде растады.

Бүкіл әлемдік экономика сияқты Қазақстан экономикасы да соңғы **2 жылда** коронавирус пандемиясына байланысты ғасыр **дағдарысын бастан өткеріп отыр**. Мұндай жағдайда қаржы секторы – бүгінгі тезисінде Мемлекет басшысы атап өткен **үш жаһандық сын-қатерге** қарсы келіп тұр.

Бірінші сын-қатер – **инфляцияның жаппай өсуі және** әлемдік тауар нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныстың **теңгерімсіздігі және тауар жеткізу ісінің тоқтап қалуынан инфляциялық қысымның жоғарылауы.**

Әлемдік экономика **қарқынды түрде қалпына келтірілуде** және вакцинацияның арқасында осы жылғы 3-тоқсанда **пандемияға дейінгі** деңгейге қайта оралды. Әлемдік нақты ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) 2021 жылы **40 жылдан** астам уақыт ішінде ең жылдам өседі және Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) болжамдары бойынша **5,9%-ті** құрайды деп күтілуде.

Әлемдік экономика қалпына келтірілгеннен кейін **шектеулі ұсыныс** кезіндегі сұраныстың тез өсуі көптеген жылдар бойы **шикізаттың, көлік шығыстарының рекордтық**

өсуіне және соның нәтижесінде әлемдегі **инфляциялық қысымның** жоғарылауына алып келеді.

Жаңа **перспективалар мен кең мүмкіндіктер** ашатын **екінші сын-қатер** – бұл пандемия әсерінен бүкіл әлемдік экономиканы **жедел цифрландыру**. **Трансформациялық процестер ұтқырлық, ыңғайлылық және қауіпсіздік** талаптарына жауап беретін қаржылық қызметтерді ұсынудың **жаңа форматтарын** бірінші орынға шығарды.

Күн тәртібінде тұрған **үшінші жаһандық сын-қатер** – **климаттық өзгерістерге қарсы күрес**. Мемлекет басшысының өзі бұл мәселеге көп көңіл бөледі. Ол бүгін **жасыл экономикаға** белсенді түрде **көшудің** және қаржы секторы үшін **орнықты даму** қағидаттарын енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Болашақта бізді климаттық жағдайларға тікелей әсер етуден басқа жауапты инвестициялау қағидаттары ескерілген қаржылық ландшафттың өзгеруі күтіп тұр.

Жаһандық сын-қатерлер мен ағымдағы үрдістерді ескере отырып, Ұлттық Банк осы жылғы наурызда **Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясын** бекітті, ол **ақша-кредит саясатын жүргізудің институционалдық және операциялық негізін** күшейту, қаржы секторын монетарлық саясаттың тиімді **делдалы** және **жолсерігі** ретінде дамыту, сондай-ақ **макроэкономикалық саясаттың** контрциклдылығын арттыра отырып, **экономиканы** одан әрі **әртараптандыру** сияқты үш негізгі бағыттан тұрады.

Стратегияда тиімді макроэкономикалық саясатты іске асыруға жауапты барлық мемлекеттік органдарға арналған міндеттер тығыз ұштастырылған. Сондықтан ақша-кредит саясатының барлық мақсаттарын толыққанды іске асыру үшін біз биылғы ақпанда 2019 жылы **алғаш рет** қалыптасқан практиканы жалғастыра отырып, Үкіметпен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен 2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын **үйлестіру туралы жаңа келісімге** қол қойдық.

Бүгін мен Ақша-кредит саясатының стратегиясын іске асырудың **алдын ала қорытындысымен** және біздің **алға қойған жоспарымызбен** өздеріңізбен бөліскім келеді.

БІРІНШІ. Бейімделген ақша-кредит саясатын жүргізу және оның тиімділігін арттыру.

Ұлттық Банктің **негізгі мандаты баға тұрақтылығын** қамтамасыз ету болып табылады.

Пандемияның өршу кезеңінде біз карантинді күшейту шараларынан **дезинфляциялық ықпалды** арттырған **ішкі сұраныстың төмендеуі** жағдайында **экономикалық белсенділікті** сақтау үшін **ынталандырушы ақша-кредит саясатын** жүргіздік.

Экономиканың өсуіндегі оң бағытқа шыққаннан кейін біз **проинфляциялық тәуекелдердің** күшеюі аясында **ақша-кредит саясатының (policy stance) бағытын** өзгертеміз.

Бүгінгі таңда байқалып отырған **инфляцияның өсуі** сыртқы факторларға да, ішкі факторларға да **тең дәрежеде**

байланысты.

1. Бір жағынан, жаһандық нарықтардағы **сұраныс пен ұсыныс** алшақтығының (**supply-demand mismatch**) күшеюі жеткізудегі үзілістерге, тасымалдау құнының, шикізат пен азық-түлік тауарларына бағаның өсуіне алып келеді. Әлемде азық-түлік бағасының өсуі соңғы **10** жылда ең жоғары болды, металдар бір жылда **1,5 есе** қымбаттады. Шикізатқа сұранысты көрсететін құрғақ жүктерді тасымалдау құны тапсырыстардың өсуі аясында контейнерлердің жетіспеуіне байланысты 2019 жылдың аяғынан бастап **3,2 есе** және 2020 жылғы мамырмен салыстырғанда **7 есе** өсті.

Нәтижесінде ең жоғары көрсеткіштер жаңарғанда сыртқы инфляциялық орта нашарлайды. **АҚШ-та** инфляция **30 жылдық ең жоғары көрсеткіштерге** жетіп (1990 жылдан бастап), **6,2%** болды, ол Еуроодақта да рекордтық белгі **4,1%-ке** жетті.

Мұндай жағдайларда орталық банктер **ақша-кредит талаптарын күшейтуге көше** бастайды. Биылғы жылғы қыркүйектің басынан бастап **24 елдің** орталық банкі негізгі ставкаларды көтерді. Еліміздің негізгі сауда әріптесі – Ресейде **бес жылдық ең жоғары 8,1%-тік** инфляция аясында биылғы жылдың басынан бастап ставка **7,5%-ке** дейін **3,25 пайыздық тармаққа жинақталып** көтерілді.

Жоғары инфляциялық қысым жағдайында **Федералдық резервтер жүйесі** мен **Еуропа Орталық Банкі** ынталандыру шараларын қысқарта бастады. Қыркүйекте **Еуропа Орталық**

Банкі облигацияларды сатып алу көлемін қысқарту ниеті туралы жариялады. АҚШ Федералдық резервтер жүйесі 3 қарашада осы жылғы желтоқсаннан бастап ай сайын 15 млрд АҚШ долларына сандық жеңілдету бағдарламасының қысқартыла бастағаны туралы жариялады.

2. Теріс сыртқы инфляциялық орта жекелеген тауар нарықтарындағы **ішкі теңгерімсіздіктермен** және экономиканың қалпына келуіне қарай **кірістердің** өсуімен күрделене түседі, оларды реттеу үшін Үкіметпен бірлесіп қыркүйекте қабылданған **Инфляцияға қарсы ден қою шараларының** кешені шеңберінде **шұғыл** қадамдар қабылдануда.

Бірлескен күш-жігер арқасында алғашқы нәтижеге жете бастадық, атап айтқанда, жылдық инфляция **азық-түлік бағасының 11,5%-тен 11,3%-ке** дейін баяулауы аясында соңғы **6 айда алғаш рет** өсуді тоқтатты.

Үкімет отырысында айтып өткенімдей, **қазанда** жылдық инфляция **қарқындаған өңірлер саны 13-тен 7-ге** дейін (**17-ден**) төмендеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан экономикасында әлі де орнықты **жоғары инфляциялық орта** сақталуда. Азық-түлік тауарлары бағасының **айтарлықтай өсуін** қазанда **10,3%-ке** жеткен халықтың **жоғары инфляциялық күтулері** қолдап отыр.

Жаз айларында инфляцияның айтарлықтай өсуін ескерсек, биылғы жылғы **шілдеден бастап** Ұлттық Банк

базалық ставканы жиынтығында **9,0%-тен 9,75%-ке дейін 75 базистік тармаққа** үш рет көтере отырып, **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жүргізе бастады.

3. Біздің пікірімізше, Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені шеңберінде тауар нарықтарындағы **теңгерімсіздіктерді жою** мақсатында **жүйелі және алдын алу шараларын қабылдау 2022 жылдың екінші жартысында** инфляцияны **4-6%** нысаналы дәліздің жоғарғы шегінде **тұрақтандыруға** мүмкіндік береді.

Сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуі, **азық-түліктің** әлемдік бағасының біртіндеп төмендеуі және әлемдегі **жеткізу қатарының** қалпына келуі аясында инфляция баяулайды деп күтеміз.

4. Экономикадағы **бағаларды** орнықты түрде тұрақтандыру үшін **контрциклдық бюджет қағидаларын 2021 жылдың соңына дейін заңнамалық** енгізу және оны **2023-2025** жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде қолдануды **2022 жылдан** бастау арқылы ақша-кредит және салық-бюджет саясаттарының **үйлесімділігін** арттыру жөніндегі бастаманы іске асыру маңызды болып табылады.

Жаңа қағидалар **мемлекеттік шығыстардың** және **Ұлттық қордан** кепілді **трансферттің** өсу қарқынын **қысқартудың консервативті бағасы** кезінде мұнай секторы **түсімдерінің** мөлшерінен аспайтын деңгейде шектейді, бұл

іскерлік циклды шикізат циклінен **оқшаулайды** және экономикадағы проинфляциялық қысымды төмендетеді.

ЕКІНШІ. Қаржы нарықтарындағы баға белгілеудегі ауытқуларды жоя отырып, **экономиканы нарықтық қаржыландыруға қайта келу – ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру үшін маңызды басымдықтардың бірі.**

2020-2021 жылдары ел Президентінің **дағдарысқа қарсы бастамаларын** іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк өз **үлесін** қосып, іскерлік белсенділікті ынталандыруға, жұмыспен қамтуды қолдауға және инфрақұрылымды дамытуға **2,3 трлн** теңге бөлді.

Дерек түрінде келтірсек, **Мемлекет басшысының бастамалары** арқасында Қазақстан экономикасы пандемия алдындағы деңгейге қайтып келді және оның өсімі 10 айдың қорытындысы бойынша **3,5%** болды.

1. Ұлттық Банктің экономиканы қолдау бағдарламаларын іске асыруға **қатысуына** толығырақ тоқталғым келеді.

1) Ұлттық Банк **экономиканың** неғұрлым **зардап шеккен** салаларында кәсіпкерлерді қолдау мақсатында **Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын** қаржыландырып бастады. Бағдарламаны іске асыру кезінде **1,5 мыңнан** астам кәсіпкерлік субъектілері (*барлығы 1 552, олардың ішінде дара кәсіпкерлер – 233, ірі кәсіпкерлер – 48, шағын және орта бизнес – 1 271*) **1,1 трлн** теңге сомада қарыз алды. Көріп отырғандай, бүгінгі күні экономиканың **шамамен барлық секторлары** өсу аймағында тұр, осыған байланысты бағдарлама осы жылғы **31 желтоқсанға дейін аяқталады.**

2) Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және **жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу** мақсатында Ұлттық Банк жалпы сомасы **900 млрд** теңге **қайтарымды негізде** жергілікті атқарушы органдарды қаржыландыру арқылы **Жұмыспен қамтудың жол картасын** іске асыруға қатысты. Бағдарлама да **осы жылы аяқталады**.

3) ұзақ мерзімді тұрғын үй кредиттеуді ынталандыру үшін басталған **«Баспана хит» нарықтық** ипотекалық өнімі де **осы жылы аяқталады**. Бүгінгі күні осы бағдарлама шеңберінде шамамен **600 млрд** теңге бөлінді – ол толық игерілді.

4) Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлттық Банк **2022** жылы **«Қарапайым заттар экономикасы»** бағдарламасын және **7-20-25** жеңілдігі бар ипотека бағдарламасын **іске асыруды** жалғастырады. Қазіргі кезде Қарапайым заттар экономикасы шеңберінде **940 млрд** теңгеге қарыз берілді, **7-20-25** бағдарламасы бойынша **1 трлн** теңге сомасынан **400 млрд** теңгеден астам сома бөлінді.

2. Экономиканы әртараптандыру және импортқа тәуелділікті төмендету жөніндегі мақсаттарға қолжеткізуге қарай Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының **тиімділігін** арттыру және **инфляциялық қысымды төмендету** мақсатында Үкімет тарапынан экономиканы мемлекеттік қолдаудың **нарықтық шараларға** кезең-кезеңімен өтуін маңызды деп санайды.

Нарықтық мөлшерлемеге тәуелді емес **жеңілдікпен қаржыландыру** экономикада **ақша құны** және қаржы

нарығында, сол сияқты бизнес-ортада **бәсекелестіктің бұрмалануын** туындатады. Үкімет осы факторларды да мойындайды және кредиттік қаражаттың нақты құнын бұрмалайтын мемлекеттік қолдаудың нарықтық емес құралдарынан біртіндеп шығу бойынша **5 жылдық жол картасын** қабылдауды жоспарлап отыр.

Ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру мақсатында Ұлттық Банк бұрын жарияланған мерзімдерге сәйкес **2025 жылға дейін** өзінің қатысуын тоқтатуды жоспарлай отырып, экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларынан **бірінші** болып **шыға** бастайды. Алайда, **экономиканың қалпына келу қарқынын** ескере отырып, біз **2023 жылдың соңына қарай** негізгі бағдарламаларды мерзімінен бұрын **аяқтауды** жоққа шығармаймыз.

3. Нарықтық қаржыландыруды дамыту шеңберінде мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын жетілдіру және кірістіліктің **нарықтық қисығын қалыптастыру** маңызды бағыт болып табылады. Бұл барынша ұзақ мерзімді сегменттегі ставкалар бойынша бағдар қалыптастыруға және **ұзақ мерзімді жобаларды нарықтық қаржыландыру** процесін іске қосуға мүмкіндік береді.

Өткен жылдан бастап Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігі шетелдік инвесторлар үшін мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының тартымдылығын арттыру бойынша бірлескен жұмысты жандандырды. Мемлекеттік бағалы қағаздарды дамушы елдердің JPMorgan жаһандық облигациялары индексіне қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі

уақытта біздің мемлекеттік бағалы қағаздар осы индекске қосылудың бірінші сатысында (басты назарда) тұр. 2022 жылы **мемлекеттік бағалы қағаздарды FTSE Frontier Emerging Markets индексіне қосу** күтілуде.

Инвесторлардың қазақстандық нарыққа қолжеткізуін жеңілдету үшін **Clearstream** халықаралық клирингтік ұйымымен Орталық депозитарий желісі шеңберінде Қазақстанның сауда-саттықтан кейінгі инфрақұрылымы **әлемдік стандартқа дейін жақсарды**.

Орталық депозитарийді одан әрі институционалдық дамыту **жергілікті есепке алу орталығынан өңірлік есептеу-есепке алу хабына** көшіруге бағытталған. Осы мақсатты іске асыру үшін депозитарийдің күш-жігері қор нарығындағы операциялардың ауқымды тізбесіне қолжеткізуді қамтамасыз ететін және биржадан тыс нарықтағы сауда-саттықты ұйымдастырушының функцияларын және корпоративтік іс-қимылдар хабын қамтитын тиісті IT-модернизациямен **қолайлы инфрақұрылымды** құруға шоғырланған.

Қазақстан қор биржасы инвестициялық пай қорлары мен ETF индекстік қорларын қоса алғанда, әртүрлі қаржы құралдарының ұсынысын айтарлықтай кеңейтті. Биылғы жылғы 15 қарашада **шетел акцияларын** сату бойынша **алаң** іске қосылады. Осының аясында қор нарығындағы жеке инвесторлардың саны айтарлықтай өсті. Соңғы екі жылда **бөлшек сауда шоттарының саны** шамамен 70%-ке өсіп,

1 қарашада **206 мыңнан асты**.

KASE сауда-клирингтік жүйелерін технологиялық **жаңғырту** аяқталды. Барлық нарықтарда орталық контрагенттің функционалы енгізілді, бұл барлық саудасаттыққа қатысушылар үшін **тәуекелдерді төмендетеді**, биржалық нарықтағы **өтімділікті арттыруға** және тиісінше **жаңа құралдарды** іске қосуға ықпал етеді.

Жақын уақытта қор нарығына **шағын орта бизнес** компанияларын тартуға, **жеке клиенттердің** белсенділігін одан әрі арттыруға және **орнықты дамыту** саласындағы жобаларды қаржыландыру инфрақұрылымын дамытуға биржаның басты назары бағытталады.

ҮШІНШІ. Цифрландыру бүкіл әлем бойынша қаржы нарықтарын қалпына келтірудің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналды. Қазақстан көптеген салада қаржы индустриясын **цифрлық дамытудың алдыңғы қатарында** ілгерілеп келеді. Цифрлық сервистердің ықпалымен біз елдегі **қолма-қол ақшасыз төлемдердің** айтарлықтай өсуін байқап отырмыз. Осылайша, 5 жыл ішінде халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің көлемі **26 есе** өсті, ал Интернет және мобильді сервистер арқылы төлемдердің үлесі **22%-тен 83%-ке** дейін ұлғайып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Өзгерістер қарқынын тоқтатпау және мынадай негізгі бағыттарды дамыту арқылы қаржы саласын **одан әрі цифрландыруды** қолдау қажет.

1. Қаржы нарығының бәріне бірдей қолжетімді

цифрлық инфрақұрылымы – Ұлттық Банктің басымдығы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылатын **Ұлттық төлем жүйесі және Цифрлық биометриялық сәйкестендіру платформасы** оның маңызды құрамдас бөліктері болып табылады.

Аталған реформалар қаржылық қызмет көрсету саласын **барынша жоғары сапалы деңгейге** көтеруге мүмкіндік береді. Жаңартылған цифрлық инфрақұрылым **нарықтың барлық қатысушылары үшін қолжетімді** болады және жаңа буынның қаржылық сервистерін **жылдам және арзан** жасауға мүмкіндік туғызады.

2. Бүкіл әлем бойынша **63 орталық банк ұлттық цифрлық валюталарды** енгізу мәселесін зерделеуде. Нарық қатысушыларымен бірге Ұлттық Банк «Цифрлық теңге» пилоттық жобасын іске асыра бастады. Біз төлем сервистерінің қолжетімділігін арттыру және экономикадағы транзакциялардың құнын төмендету үшін **жобаның айтарлықтай әлеуетін** көріп отырмыз. Цифрлық теңге платформасы түбегейлі жаңа сервистерді құру үшін де мүмкіндіктер аша алады. Бұл ретте ұлттық цифрлық валютаны шығарудан туындайтын **барлық ықтимал тәуекелдер мен артықшылықтарды** жан-жақты бағалау қажет. Биылғы жылғы желтоқсанда пилоттық жобаның **нәтижелері бойынша Whitepaper** (баяндама) жарияланатын болады, онда технологиялық сараптаманың қорытындылары, нарық қатысушыларымен, сараптамалық қоғамдастықпен

жасалған зерттеулер мен талқылаулардың нәтижелері жарияланады.

3. Экономикалық жағдайлар жылдам өзгертін шақта **қаржы нарығының бизнес-деректерінің бірыңғай платформасын** құру арқылы реттеушілер мен нарыққа қатысушылар арасындағы **жоғары технологиялық өзара іс-қимылды** қамтамасыз ету маңызды. **Кредиттік тіркелім** қаржы нарығының басқа дереккөздерімен бірге бірыңғай деректер қоймасы - **қаржылық data lake** үшін негіз болады. Бұл қадағалау және реттеу мақсатында озық талдауды (**AI, ML**) қолдануға арналған жаңа мүмкіндіктерді ашады және нарыққа қатысушылар үшін реттеуші талаптардың сақталуын жеңілдетеді. RegTech және SupTech технологияларын енгізу **дата-орталықтандырылған қадағалау мен реттеуге** көшуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ нарық шығындарын қысқартады.

4. Сонымен қатар, біз қаржы нарығында **платформалық бизнес-модельдерді құрудың және экожүйелерді қалыптастырудың** тұрақты үрдісін көріп отырмыз. Экожүйелер индустриялар арасындағы шекараны жояды, тұтынушылар «бір терезе» қағидаты бойынша түрлі сервистердің толық кешенін алу мүмкіндігіне ие болады. Сондай-ақ оларды одан әрі дамыту **реттеуге арналған сын-қатер** болып табылады. Экожүйелер – **қаржы нарықтарының болашағы**, бірақ олар саланың жиынтық тиімділігі мүддесінде **ашық қағидат** бойынша құрылуы тиіс.

5. Тұтынушылардың **дербес деректері** қаржы нарығы үшін маңызды активке айналды. Деректерге **кемсітусіз қол жеткізуді** және **бәсекелестік назарын** оларды өңдеу тиімділігіне **аударуды** қамтамасыз еткен жөн. Тұтынушы өз деректеріне қол жеткізуді **толық бақылауға** және олардың **қауіпсіздігіне** сенімді болуға тиіс. Кибершабуылдар мен алаяқтық тәуекелдерінің өсуін ескере отырып, **киберқауіпсіздік және конфиденциалдылықты қорғау** мәселелеріне ерекше назар аударған жөн. Осы қағидаттарды қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк басқа реттеушілермен бірлесіп, **деректермен**, оның ішінде мемлекеттік дерекқордан алынатын деректермен **алмасудың және сақтаудың құқықтық өрісін** және тиісті **инфрақұрылымын** жасайтын болады. **Open API** стандарттарын және **Open Banking** инфрақұрылымын әзірлеу бойынша жұмыс жалғасады.

6. Цифрландыру реттеушілердің қаржылық қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-әрекеттерін де жақсартады. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКҚ) пилоттық режимде **«Кепілдік берілген өтемді төлеудің электрондық порталын»** іске қосты. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекеттер достастығында (ТМД) мұндай онлайн төлем жүйесінің баламасы әлі жоқ. Азаматтар мен нарыққа ыңғайлы болу мақсатында **Бірыңғай байланыс орталығы** арқылы **омниарналы өзара іс-қимыл** құрылады.

7. Ұлттық Банкте бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде **активтерді басқару тиімділігін** арттыру және

қаржылық тәуекелдерді бақылау жөніндегі міндеттерді кешенді түрде шешу үшін активтер мен тәуекелдерді басқарудың бірыңғай ықпалдасып автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша жұмыс жасалуда.

Ұлттық Банкте активтердің әртүрлі сыныптарында инвестицияларды басқару бойынша тиімді шешімнің пайда болуы **инвестициялық шешімдердің қабылдануын жеделдетуге және операциялық тәуекелдерді төмендетуге** әсер етеді, нәтижесінде алтынвалюта резервтерін, Ұлттық қорды және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы активтерін басқару кезінде **тиімділікті арттыруға** алып келеді.

ТӨРТІНШІ. Қаржы нарығын одан әрі дамыту және ел экономикасын дамытуға сыртқы инвестицияларды тарту үшін **Астана халықаралық қаржы орталығы** қатысушыларының Қазақстанның қаржы нарығына қол жеткізу мүмкіндігі артады.

Қаржы орталықтары жұмысының табысты халықаралық тәжірибесін ескере отырып, биылғы жылғы 10 қарашада Ұлттық Банк пен Агенттіктің тікелей қатысуымен әзірленген **Астана халықаралық қаржы орталығының валюталық реттеу жөніндегі актісі** қабылданды. Акт биылғы жылғы **1 желтоқсаннан** бастап күшіне енеді.

Қазақстан нарығының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету ескеріле отырып, еліміздің **бүкіл аумағында Астана халықаралық қаржы орталығының алаңынан көрсетілетін қаржылық қызметтердің** тізбесі айқындалды.

Бұл қадам **Астана халықаралық қаржы орталығына шетелдік инвестицияларды** тартудың негізгі алаңы ретінде қаржы орталығының әлеуетін **толығымен** іске асыруға мүмкіндік береді, **қаржы нарығының** дамуына түрткі болады және **экономиканың** өсуіне қолдау көрсетеді.

БЕСІНШІ. «Жасыл» қаржыландыру нарығын дамыту дамудың стратегиялық маңызды бағыты болып табылады. **ESG-факторлар** негізінде **әлемдік тұрақты облигациялар нарығы** (2019 жылғы 326 млрд АҚШ долларынан бастап 2020 жылы 600 млрд АҚШ долларына дейін) **қарқынды** дамып келеді.

ESG инвестициялаудың әлемдік қарқыны Қазақстанға да әсерін тигізеді. Мысалы, 2020 жылдан бастап Қазақстан биржаларына жалпы сомасы **34,2 млрд** теңгеге жасыл облигациялардың үш шығарылымы орналастырылды. Жасыл қаржыландыру құралдары нарығын дамытуға арналған құқықтық орта мен инфрақұрылым белсене дамып келеді.

Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесіп **ESG қағидаттарын** одан әрі **іске асыру** бойынша бірқатар шаралар қабылдауда.

2022 жылы **қаржы ұйымдарының ESG қағидаттарын енгізуі жөнінде ұсыныстар** әзірлеу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 2022 жылдың соңына дейін тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйелеріне және корпоративтік басқару жүйесіне қаржы ұйымдарының стратегиялары мен бизнес-модельдерінде **ESG-факторларды және олармен**

байланысты тәуекелдерді есепке алу жөніндегі талаптарды енгізу жоспарлануда.

Орта мерзімді кезеңде **Қазақстан қор биржасы** мен **«Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасындағы** халықаралық ұсыныстарға сәйкес есептілікте компаниялардың ESG қызметі жөніндегі ақпаратты ерікті түрде ашудан **міндетті түрде ашуға көшуі** жоспарлануда.

Қаржылық емес ақпаратты міндетті түрде ашуға жаппай көшу инвесторлар мен рейтингтік агенттіктерге өз инвестициялық портфельдеріне қосу үшін қаржы құралдарын **ESG критерийлеріне** сәйкес келу тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Ұлттық Банктің басқаруымен зейнетақы активтері мен қорлардың инвестициялық портфельдеріне **ESG инвестициялаудың жеке классификациясын** енгізу жоспарлануда.

Аталған шаралар Үкіметтің ынталандыру шараларымен бірге «жасыл» қаржыландыру нарығын одан әрі дамытуға түрткі болады.

* * *

Құрметті қонақтар, достар, ханымдар мен мырзалар!

Біз **ұзақ үзілістен кейін** жиналып, біртіндеп **қалыпты өмір салтына** қайта орала бастадық. Әрине, пандемияның салдары ұзақ уақыт бойы сақталады, бірақ оның әсері біздің **коммуникациямызға** ықпал етпегенін қалаймын.

Ұлттық Банк **айқын ақша-кредит саясатын** жүргізуге, **қаржылық тұрақтылықты** қамтамасыз етуге және қаржы нарығының барлық қатысушылары үшін **тең қатысу құқығын** беретін қаржы нарығының **заманауи цифрлық инфрақұрылымын** құруға өз күш-жігерін жұмсауда.

Баршаңызды қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – **Ұлттық валюта күнімен**, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың басты мерекесі – **Отанымыздың тәуелсіздігінің 30 жылдығымен** шын жүректен құттықтаймын. Барлықтарыңызға мол табыс, зор денсаулық, сәттілік пен алға қойған мақсаттарыңызға жетуді тілеймін!

Назарларыңызға рақмет!